ХҒТАР 03.81.37; 03.81.33

# Ежелгі және ортағасырлардағы Сырдария, Талас және Жетісу өңіріндегі қалалардың тарихи-географиясы туралы деректер мен зерттеулер

**Тұрсынхан З. Қайыркен, Зибагул С. Ильясова, Ақжігіт Әлібекұлы**
*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан*

**Корреспонденция үшін автор**: *kairkentz@mail.ru*[1]
*zita.08@mail.ru*[2], *alibekuly_a@mail.ru*[3]
https://orcid.org/0000-0002-3808-4989[1]
https://orcid.org/0000-0002-6507-4364[2]
https://orcid.org/0000-0002-0016-2224[3]
DOI: https://doi.org/10.32523/2616-7255-2023-143-2-54-73

**Аңдатпа.** *Мақалада ежелгі және ортағасырлардағы Сырдария, Талас және Жетісу өңіріндегі ежелгі қалалардың тарихи-географиясы туралы қытай, араб және парсы деректері және олардың ғылыми айналымға енуі, зерттелуі, ғалымдардың пікірлері мен болжамдары жан-жақты қарастырылады. Ол үшін, ең әуелі Қытайдың «Жиырма төрт тарихына» жататын ресми жазба деректері мен Суан Цзан, Цзя Дань, Ду Хуан секілді саяхатшылардың, Ибн Хордадбек, Ибн әл-Факих, Құдама ибн Жа'фар, әл-Балхи, Ибн Хаукал, әл-Мақдиси, әл-Идриси және Йақұт әл-Хамауи секілді ортағасырлық араб авторларының, сондай-ақ, кейінгі уақытқа тән Ата-Малик Джувейни, Рашид ад-Дин, Жамал Қарши, Мухаммед Хайдар Дулати, Шарафеддин Әли Иәзди қатарлы авторлардың парсы тілінде жазған еңбектері сараланып, олардың деректік әлеуеті мен шынайылығы, деректердің бірін-бірі толықтауы мен өзіне тән даралығы зерттеу нысанына алынады. Зерттеушілердің Қазақстан мен оның айналасындағы, атап атқанда Шығыс Тянь-Шань мен Қашқария, Сырдария бойындағы көне қалаларға қатысты деректанулық, тарихи-географиялық зерттеулері талданып, олардың жеткен жетістіктері мен кемшіліктері атап көрсетілді. Қазақстанның өз ішіндегі қалалармен ғана шектеліп қалмай, бұл қалаларды көрші аймақтармен байланыстырып жатқан жол бағыттары, біртұтас географиялық кеңістікте орналасқан елдімекендер туралы ғылыми еңбектерге назар аударылды. Мұндай талдау отандық тарихнамада қалыптасып келе жатқан деректану мен тарихнамалық зерттеулерді одан ары дамытуға септігін тигізеді. Мақалада ерте, ортағасырлық деректерді алғаш болып зерттеген және оларды ғылыми айналымға қосқан, сол арқылы өз ойларын ортаға қойған Михаэл Ян де Гуе, Сун Сянь, В. Минорский, Генри Юль, Чжан Синлян, Фэн Чэнцзюнь, Цын Чжунмянь, Чжоу Лянкуань, Томас Уаттерс, В.В.Бартольд, А. Г. Малявкин, П. Пелио, А.М. Беленицкий, Э. Шаван, С.Л. Волин, Матсуда Хисау, Б.Е. Көмеков, Р.Б. Көмекова т.б. ғалымдардың зерттеу еңбектері сарапқа салынды.*
**Түйін сөздер**. *Ежелгі заман; ортағасырлар; Шу-Талас; Сырдария; Жетісу; Шығыс Тянь-Шань; көне қалалар; деректер зерттелуі.*

Received 21.02.2023. Revised 23.03.2023. Accepted 30.03.2023. Available online 30.06.2023.
For citation:
Kaiyrken T.Z., Ilyassova Z.S., Alibekuly A.Sources and studies on the historical geography of ancient and medieval settlements in the Syr Darya, Talas, and Semirechye areas //Bulletin of the L.N. Gumilyov ENU. Historical sciences. Philosophy. Religion Series. 2023. – Vol. 143. – № 2. – P.54-73. DOI: 10.32523/2616-7255-2023-143-2-54-73.

Для цитирования:
Кайыркен Т.З., Ильясова З.С., Әлібекұлы А. Источники и исследования по исторической географии древних и средневековых городов Сырдарьи, Таласа и Семиречья // Вестник ЕНУ им. Л. Гумилева Серия: Исторические науки. Философия. Религиоведение. – 2023. – Т. 143. – № 2. – С. 54-73. DOI: 10.32523/2616-7255-2023-143-2-54-73.

**Кіріспе**

Қазақстан мен Орталық Азия ежелден батыс пен шығыстың қарым-қатынасында айырықша рөл ойнаған аймақ. Ерте заманнан бастап осы өңір арқылы шығыс пен батысты тұтастыратын Жібек жолы қатынады. Жібек жолы арқылы түрлі мәдениеттер мен діндер, адамзаттың өндірістік тәжірибелері, ғылым-білімі таралды. Қазақстан мен Орталық Азияның географиялық жайғасымындағы осындай артықшылықтары оған деген қызығушылықты арттырды. Нәтижесінде сауда-экономикалық және рухани-мәдени қарым-қатынастар біртіндеп саяси қарым-қатынастарға қарай өзгерді. Ең әуелі Қытайдың Хан, Таң империялары Шығыс Түркістан мен Орта Азияның бір бөлігін өздерінің «Батыс аймағы» деп атап, әр түрлі жолдармен аймаққа сіңіп кіре бастады. Қытай патшалықтарының алғашында сауда байланыстарынан басталған сыпайгершілік қатынасы бара-бара әскери күшпен басып алуға ұласты. Осы кезде тибеттер де оянып, алдымен буддизмді барынша таратуға кірісті. Кейін келе олардың Орта Азияға бағытталған саясаты қытайлармен бәсекелесе келе ашық әскери қақтығысқа ұласты. Сөйтіп, тибеттер аталған өңірде будда дінін барынша насихаттаумен бірге, өздерінің саяси басымдылығын орнатпақ болды. VIII ғасырдың бірінші жартысында аймаққа үшінші күш – арабтар басып кіре бастады. Арабтар бұл өлкенің халқын ислам дініне енгізіп, халифат шекарасын кеңейтуді мақсат етті әрі басып алынған өлкелерден салық жинап, халифаттың қазынасын толтыруды көздеді. Сол мақсатта Орталық Азия мен Қазақстанның оңтүстік аймақтарына білімді адамдарын жіберіп, ондағы халықтарды, қалалар мен елдімекендерді және олардың арақашықтығын, жол бағыттарын зерттеді. Мұндай зерттеулерді кезінде Хан, Таң империяларының саяхатшы, елші немесе діни пірәдәр атын жамылған барлаушылары да жасаған болатын. Бүгінгі таңда бұл материалдар ерте және ортағасырлардағы Қазақстан мен оған көршілес жатқан аймақтардың тарихи-географиясын зерттеудегі түпкі дерекке айналып отыр.

Алғашқы дереккөздерді жинау, жүйелеу және сараптау – аймақтың тарихын, шаруашылығын, қала мәдениетін, сауда-сатық байланыстарын, сыртқы әлеммен қарым-қатынасын зерттеуде айырықша маңызға ие. Бүгінгі таңда Қазақстанның сыртқы қарым-қатынастарының күн санап тереңдеуі республиканың аймақтағы саяси-экономикалық орны мен рөлін, позициясын бекіте түсті. Осылайша, көне Жібек жолының қайта жаңғыруы жағдайында Қазақстан өзінің дәстүрлі рөлін қайта сәулелендіре бастады. Сондықтан, көне дәстүрлердің заманауи трендтерін ойланатын, дәстүршілдік пен заманауилықтың арасынан жол табатын, тарихи құндылықтарды бүгінгі күн үшін қызмет еттіретін уақыт жетті. Жібек жолындағы байырғы қалалардың тарихи-географиясын зерттеу, шындап келгенде осы аймақтағы тарихи-мәдени орындарды қайта жаңғыртып, туристік кластерді дамытуға мол мүмкіндіктер береді. Ол үшін аталмыш тарихи орындарды, көне қалаларды дұрыс кординаттауға, олардың арасындағы тарихи байланысты айқындауға көмектесетін ең басты құрал тарихи деректер болып табылады. Ендеше, қалалар арасындағы тарихи, географиялық байланыстарды зерттемес бұрын ең алдымен оның дерек қорына тоқталып, олар туралы ғылыми жүйеленген түсініктер қалыптастыруымыз қажет.

Бізгедейінде ерте және ортағасырлардан жеткен деректерді игеру, оларды ғылыми

айналымға қосу мақсатында аса ықпалды ғылыми мектептер қалыптасқанын ескерген жөн. Олардың деректанулық зерттеулері мен ғылыми тұжырымдары ешқашан да өз маңызын жоймақ емес. Бұл мақалада Сырдария, Талас және Жетісу өңіріндегі ежелгі қалалардың тарихи-географиясына қатысты қытай, араб және парсы деректері қайта қарастырылып, оларды деректанулық және тарихнамалық бағытта зерттеген ғалымдардың еңбектеріне талдау жасалады.

## Зерттеу әдістері мен дереккөздері

Мақалада деректерді жинау, жүйелеу және сараптауға қатысты деректанулық әдістеме басшылыққа алынды. Мұнда деректердің сипаты, атап айтқанда - олардың бірегейлігі, шынайылығы, бірін бірі толықтауы, қайталауы, т.б. ерекшеліктері қарастырылды. Көне деректердің қалыптасуы көбінде авторлар тарапынан бірін-бірі көшіріп пайдалану, толықтыру, жаңғырта жазу сынды ерекшеліктерге ие. Сол себепті, дереккөздердің берген мәліметтері бір-біріне ұқсас болғанымен, араларында ұқсамайтын мәліметтер де кездеседі. Кейбір деректер мүлде жаңа әрі қайталанбайтын болуы мүмкін. Мұндай деректер бірегей деректер санатына жатады. Зерттеу барысында қытай, араб және парсы тіліндегі деректер жеке-жеке қарастырылып, олардың арасындағы ерекшеліктер, ұқсастықтар мен айырмашылықтар сараланды. Сонымен қатар, деректердің зерттелуі мен ғылыми айналымға енуі, зерттеуші-ғалымдар тарапынан атқарылған ғылыми-зерттеу жұмыстарына талдау жасалды. Бұл зерттеулер ерте заманғы және ортағасырлардағы қалалардың жалпы жағдайына (жаратылыстық ортасы, табиғи географиялық белгілер, халқы, бір-бірімен ара қашықтығы, жол бағыттары т.б.) байланысты болып келеді.

Ерте, ортағасырлардағы Қазақстан мен оған көрші аймақтардағы қалалар туралы Қытайдың ресми тарихының деректері саналатын «Синь Тан шу» («Жаңа Таң кітабы», бұдан ары – СТШ, 2012) кітабының 215, 217, 218, 219 бөлімдері, Цзю Тан шу («Көне Таң кітабы», бұдан ары – ЦТШ, 2012), Цэфу-юаньчуй (бұдан ары – ЦФЮГ, 2020), Цзычжитундянь (бұдан ары – ЦЧТД, 2011) секілді кітаптар мен Суан Цзанның «Да Тан Сиюцзи» («Ұлы Таң әулетінің Батысқа саяхат естелігі», бұдан ары – ДТСЮЦ) (Суан Цзан, 2012), Цзя Даньның «Сыдаоцзи» («Төрт бағытты жол туралы естеліктері», бұдан ары – СДЦ) (Цзя Дань, 2005) Ду Хуанның «Сисинцзи» («Батысқа саяхат естеліктері», бұдан ары – ССЦ) (Ду Хуан, 2005) сияқты жолжазба естеліктерде сақталған.

Жоғарыдағы деректердің кей авторлары, мысалы, Суан Цзан, Ван Минюань, Хуэй Чао өздері Орта Азияға келген адамдар. Сол себептен табғаштардың (тандықтардың) Орта Азия туралы түсініктері біраз терең, әрі жан-жақтылы болуы керек еді. Алайда табғаштардың Орта Азия мен Қазақстан туралы зерттеулері бәрін қамтыған деуге келмейді. Бұл арада деректік құндылығы жағынан айырықша атап өтуге тиісті 1) ДТСЮЦ, I т., 2) «Син Таншу Диличжи» (СТШ ДЧ), 3) «Син Таншу. Сиюэчжи» (СТШ СЮЧ), 4) «Цыфуюаньгуй. Вайчэнбу» (ЦФЮГ ВЧБ) – осы төрт үлкен дерек.

Бұлардың алдыңғы екеуі Таң дәуіріндегі Жібек жолының бағыттары және оның бойында шоғырланған елдердің салыстырмалы орны туралы егжей-тегжейлі мәліметтер береді. Ал ДТСЮЦ болса Жетісу, Ыстықкөл және Шу-Талас өңірі туралы ең алғашқы тарихи-географиялық еңбек. СТШ ДЧ болса VIII ғасырдың соңғы кезіндегі батыс пен шығыстың қатынас жолдары туралы мәліметтерді бере отырып, ДТСЮЦ-мен белгілі айырмашылық қалыптастырған. Ал, СТШ СЮЧ мен ЦФЮГ ВЧБ-ге келсек, табғаштардың Орта Азиядағы әр ел туралы түсініктері мен Тоғыз хулардың Таң империясымен байланысы туралы жинақы деректерге құрылған.

ДТСЮЦ – Тан династиясының чжэнгуань жылнамасы бойынша 20-жылы (б.з. 646 ж.) Қытайдың әйгілі будда монағы Суань Цзанның (602-664) б.з. Орта Азия арқылы Үндістанға барып қайтқан жолы туралы жазған саяхатнамасы. Ол 629 жылы Қытайдан будда дінінің отаны – Үндістанға сапар шегеді. Алыс та, машақатты сапарды 18 жыл дегенде сәтті аяқтап, 645 жылы Чан-

аньға оралады (Суан Цзан, 2012:15-16). Ол Үндістанға бара жатқан жолында Қазақ даласының оңтүстігіндегі елдімекендермен де жүріп өтеді. Бұл кезде Қазақ жерінде Батыс Түрік қағанаты салтанат құрып тұрған болатын. Суан Цзан Идіқұт, янги, Күсан арқылы Мұзтаудан асып, Ыстықкөлге келеді, одан шығып Шу бойындағы Батыс Түрік қағанатының астанасы Сұяб қаласына аялдайды. Одан шығып Талас өлкесіндегі Мыңбұлақ (Мерке), Талас (Тараз), Ақсу (Испиджаб-Сайрам), Күнгу, Нужкент т.б. қалаларды басып өтіп, Шаш (ташкент) қаласына жетеді.

Ол жазған ДТСЮЦ әлемдік тарихнамада көптен белгілі. Қазірге дейін оның француз, ағылшын т.б. тілдерінде толық аудармалары бар (Julien, S. 1857-1858; Beal, S. 1884; Watters, Th. 1904-1905).

СТШ ДЧ – «Жаңа Таң кітабының» бір бөлігі. Оның мазмұны аса ауқымды. Бұл ретте біз оның Орта Азияға қатысты бөлігін ғана негізге алдық. Мұнда Таң патшалығының Дэцзун патшасының чжэньгуан жылдарында (785-805 жж.) өмір сүрген уәзір Цзя Даньның «Төрт бағыттағы жол туралы естеліктер» атты еңбегі қысқартылып пайдаланылған. Онда Батыс өңірден Сұябқа, одан Таласқа баратын жол бағыттары баяндалады.

СТШ СЮЧ-де табғаштардың Орта Азия елдері туралы түсініктері мен Тоғыз хулардың Таң елімен қарым-қатынасы туралы фактілерге құрылған. Ол белгілі мағынадан табғаштардың ортаазиялықтармен қарым-қатынасында ұстанған позициясы мен көзқарастарын да бейнелейді. Кітапта көрсетілген жайыттар араб-мұсылман деректерінде айтылмай қалған көптеген бостықтың орнын толтыруға көмектеседі. Дегенмен, СТШ СЮЧ-де келтірілетін көптеген мәліметтер Суан Цзан қатарлылардың берген мәліметтерімен сәйкес келе бермейді, кейде тіпті қате, күдікті тұстар да кездеседі.

ЦФЮГ ВЧБ – Таң империясының Орта Азияға қарай қанат жайған кезіндегі Ферғана және Қаңлы бастаған Мауреннахрдегі 9 мемлекетпен болған қарым -қатынасы туралы баяндайды. Олар Ферғана (Бахана – 拔汗那)，Қаңлы（康)，Кеш（史)，Маймарақ（米)，Кебут（曹)， Қай（何)，Хошун（火寻)，У-ди（戊地)．Тарихтағы бұл елдердің қоныстанған аумағы біздің зерттеулеріміздің географиялық аймағымен шектеседі. Әсіресе, Сырдария бойындағы қалалардың географиялық орнын, дамуын, жібек жолындағы рөлін айқындауда олар туралы мәліметтер жанама дерек ретінде көмектеседі.

ДТСЮЦ-ден өзге Цзя Даньның «Сыдаоцзи» (СДЦ-Төрт бағытты жол туралы естеліктері), Ду Хуанның «Сисинцзи» (ССЦ-Батысқа саяхат естеліктері) атты жазбалары біздің зерттеу аймағымыздағы қалалар туралы біраз мәліметтер береді.

«Сыдаоцзи» (СДЦ-Төрт бағытты жол туралы естеліктері) атты еңбектің авторы Цзя Дань өз кезінде Тан әулетінің жоғары шенді мансаптысы болған. СТШ ДЧ де енгізілген оның жеті бөлімнен тұртын жазбасының бізге қатысты бөліктері «Бағынғандарды қабылдайтын ортаңғы қаладан ұйғырларға қатынайтын жол» және «Аньсиден батыс өлкелерге баратын жол» деп аталады.

Таң дәуіріндегі Аньси қазіргі Шығыс Түркістандағы Қашқар өлкесін меңзейді. Күшардан батысқа қарайғы жерлерді ұйғырлар қазір де Ақсу деп атайды. Бұл аумақта қазір Ақсу аймағы деп аталатын әкімшілік бірлік орналасқан. Қытайлар кезінде оның аумағындағы өзенді Баймахэ деп атаған. Цзя Дань бұл еңбегінде осы өңірдегі Куйбило шөлінен басталатын жол сорабын баяндайды. Одан ары Бедел асуынан асып Дуньдо қаласы, үйсіндердің Чигу қаласы, Інжу өзені, Суэхай (Қарлы теңіз), Ыстықкөл, Дуньчэн қаласы, Хэдэ қаласы, Ечжи қаласы, Сұяб өзені, Бойласаңғұн қаласы, Сұяб қаласы, Цзэдань тауы, Миго қаласы, Синьчэн қаласы, Ашибулай (Аспара) қаласы, Цзюйлан (Құлан) қаласы, Шуйцзян қаласы, Тараз қаласы секілді елдімекендер мен қалаларды, жер-су аттарын атап, қытайлық «ли» өлшемі арқылы олардың арақашықтығын көрсетеді (Цзя Дань, 2005: 50-51)

Қалаларды зерттеуде «Духуанның Батысқа саяхат естеліктері» деп аталатын еңбектің деректік әлеуеті тіптен жоғары. Кітап авторы Ду Хуан Тан империясының Орта Азияға жорық жасаған әйгілі қолбасшысы Гао Сянчжидің қоластындағы

кішігірім офицерлердің бірі болған. Көзбен көріп, көңілге түйгені мол адам. 751 жылы Таң қосындарының Тараз бойындағы араб қосындарымен болған шайқасында Гао Сяньчжэ қолы түгелге жуық қырылып, өлімнен аман қалғандары арабтарға тұтқынға түседі. Аталмыш саяхатнаманың авторы, дәл осындай жағдайда аман қалған азғана тұтқынның бірі болады. Ду Хуань еңбегінің бізге қажетті тұстары қазіргі Қазақстан мен оған көршілес аймақтар туралы естеліктері. Атап айтқанда, Сұяб (碎叶) қаласы, Шаш мемлекеті（石国）, Бахана (Ферғана – 拔汗那), Кан (Қаңлы 康) мемлекеті, Парсы（波斯）елі туралы жазбалары (Ду Хуань, 2005: 41-42).

Бұдан өзге, ортағасырға тән қытайлық деректерден Елюй Чуцайдың (1190-1244) «Си-ю-лу» (СЮЛ-батысқа саяхат) естелігін атап өтуге болады. Ол қидандардың хан тұқымынан шыққан ақсүйек. 1215 жылы моңғолдар шүршіттердің қолынан Пекинді тартып алған соң, Шыңғыс хан оны Гобидегі өз ордасына шақырып өзіне хатшы, ақылшы және жұлдызнамашы етті. Ол моңғолдардың Қазақстан мен Орта Азияға жасаған жорықтарына қатысып, Шыңғыс ханның қасында жүрді. Оның «Батысқа саяхат» атты еңбегі жеке-жеке алғысөз және бірінші, екінші бөлімнен тұрады. Шығарманың бірінші бөлімінде, негізінен, жол бойы көрген-білгендері жазылған. Мұнда Бешбалық, Була (Боратала), Алмалық, Хсолуда (Құз-Орда), Тараз, Отырар, Сюньсыгань (Самархан), Пухуа (Бұқара), Үргеніш қалалары туралы мәліметтер береді.

Араб-мұсылман әлемінен Ибн Хордадбех (de Goeje,1889), Ибн әл-Факих (de Goeje, 1885), Құдама ибн Жаʻфар (de Goeje,1889), әл-Балхи (Кумеков, Кумекова, 2010), Ибн Хаукал (Ибн Хаукал, 1992), авторы белгісіз шығарма «Худуд әл-ʻалам» (Худуд әл-ʻалам, 1999), әл-Мақдиси (әл-Мақдиси, 1991), әл-Идриси (әл-Идриси, 2002), және Йақұт әл-Хамауи (Йақұт, 1979), секілді авторлардың еңбегі әсіресе, Қазақ жері мен оған көршілес жатқан аймақтардың ортағасырлық тарихи-географиясын зерттеудегі деректік әлеуеті айырықша.

Араб сипаттамалық географиясының осы күнге жеткен еңбектерінен хронологиялық шегі бойынша ең көнесі IX ғ. авторы, шыққан тегі парсы, байланыс мекемесінің қызметкері Ибн Хордадбех (820–912 ж.ж.). Текті отбасыннан шыққан Ибн Хордадбех Жабал аймағында (Иранның солтүстік батысы) байланыс және хабар беру қызметінің бастығы («сахиб әл-барид уа-л-хабар») болып тағайындалған. Ол «Китаб әл-масалик уә-л-мамалик» («Жолдар мен мемлекеттер») деген шығармасында VIII ғасырдың ортасына тән және бір бөлігі IX ғ. басына тиесілі ескі деректерден пайдаланған. Онда Оңтүстік Қазақстан мен Жетісуды басып өтетін Ұлы Жібек жолы, оның бойындағы қалалар мен қоныстар жайлы айтылып, түрлі елдімекендердің ара қашықтығы көрсетілген. Ибн Хордадбек, көбінесе, халифаттың ерте кездегі байланыс қызметі архивіне сүйенген (de Goeje,1889). Ибн Хордадбехтің еңбегін Ибн әл-Факих (X ғ.), Құдама ибн Жаʻфар (X ғ.), Ибн Русте (X ғ.), Ибн Хаукал (X ғ.), әл-Мақдиси (X ғ.), әл-Жайхани (X ғ.), әл-Масуди (X ғ.), әл-Беруни (XI ғ.), әл-Идриси (XII ғ.), Йақұт әл-Хамауи (XIII ғ.) сияқты танымал географтар өз еңбектерінде пайдаланған.

Ибн әл-Факихтың (X ғ.) географиялық шығармасы «Китаб ахбар әл-булдан» (Елдер туралы хабарлар кітабы) атты еңбегі 5 томнан тұрады және 902 жылы жазылған. Ибн әл-Факихтың туындысы кітаптық сипатта жазылған, әсіресе ол әл-Жахиз, Ибн Хордарбек, әл-Балазури, әл-Жайхани еңбектерін кеңінен пайдаланған. Ең алдымен, Орта Азия мен Қазақстанның түркі халықтары туралы, шаруашылығы, қалалары, мәдениеті, діні, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі туралы мәліметтері олармен сәйкеседі. Шаш, Исбиджаб, Тараз, Күлшуб, Жүлшуб, Құлан, Меркі, Аспара, Харажува, Кубал, Жоғарғы Барсхан қалаларының арақашықтықтарын көрсетеді және «Түркілер жайлы сөз» деген бөлігінде Фараб қаласы туралы жазады (de Goeje, 1967; Кумеков, Кумекова, 2010).

Құдама ибн Жаʻфар (шамамен 948 ж.қ.б.) бағдадтық халифалардың сарайында шенеунік қызмет атқарған. Оның географиялық-әкімшілік шығармасы «Китаб әл-хараж уа санʻат әл-китаба» («Салық және хатшы өнері туралы кітап»). Ол өз шығармасын жазған кезде

қолына түсіре алған ресми құжаттарды, географиялық жазбаларды, негізінен Ибн Хордадбехтің деректерін пайдаланған, оның мағлұматтарының көбісі VIII ғасырға жатады. «*Шашқа алып баратын жол бағыты*» деген бөлімінде түрік тайпалары: қарлұқтар, кимектер, оғыздар, Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу шегіндегі сауда жолдары, олардың маршруттары және қалалар мен қоныстардың арақашықтығы туралы нақты мәліметтер береді (de Goeje,1889).

Араб классикалық географиялық мектебінің бастауында Ауғанстандағы Балх қаласының тумасы, Орта Азия ғалымы Әбу Зейд Ахмад ибн Сахл әл-Балхи (шамамен 850-934 ж.) тұрды. Шамамен 920 жылы ол «Сууар әл-акалим ас-саб@а» («Жеті ықлымның бейнесі») атты географиялық еңбегін құрастырды. Өкінішке орай, бұл кітап бізге жетпеген. Әйтсе де, бұл шығарманы оның замандасы әл-Истахри өз шығармаларына кеңінен қолданған. Өз кезегінде, әл-Истахридің еңбегі Ибн Хаукалдің (X ғ.) географиялық шығармасының негізі болған. Яғни, Әбу Зайд әл-Балхи, әл-Истахри және Ибн Хаукал бір-бірінің еңбегін жетілдіре пайдаланған. Сол себептен, де Гуенің: «Әбу Зайд әл-Балхи, әл-Истахри және Ибн Хаукал тәрізді үш араб географына байланысты туындаған шатасу бұрын-соңды болмаған шығар» деген сөзі өз мәнін жоғалтқан жоқ (Кумеков, Кумекова, 2010: 17).

Шығарманың кіріспе бөлігіндегі Мауараннахрдың солтүстігіндегі түркі тайпалары – қарлұқтар, оғыздар, кимектер, бұлғарлар, башқұрттар, печенегтер, хазарлар, қырғыздар, тоғызоғыздар туралы құнды материалдар ерекше қызығушылық тудырады. Түркілер елі құрамындағы бірқатар қалалар мен елді мекендер аталып, кейбір қалалар сипатталған. Онда ислам аймақтарының шекарасы – Журджаннан Фарабқа және Исбиджабқа дейін деп көрсетеді. Фараб пен Исфиджабқа келсек, олар Таразға қарайды, Илакпен бірге бәрі де аш-Шашпен (Ташкент) іргелес дейді (Кумеков, Кумекова, 2010: 91).

Ибн Хаукал X ғ. екінші жартысында өмір сүрген араб географы. X ғасырда Бағдатта сауда ісімен айналысты, саяхатшы болды, сонымен қатар географияны зерттеді. Өзінен бұрынғы әл-Жайхани, Ибн Хордадбех, Кудама ибн Жафар және басқалардың географиялық еңбектерін зерттеп, 942-43 жылы басталған сапарында ол Солтүстік Африканы аралады, Испания, Сицилия, Месопотамия, Иран және Үндістан елдерінде, Египеттегі Фатимидтер сарайында біраз уақыт өмір сүрді. Осы саяхаты кезінде (шамамен 951-52) ол әл-Истахримен кездесіп, оған оның еңбегіндегі кейбір қателер мен нақты емес мәліметтерді көрсетті (Камолиддин, 2021: 5). Осыдан кейін, ол әл-Истахридің өтініші бойынша оның жұмысын өңдеуге кіріседі және оны өз деректерімен толықтырып «Китаб сурат әл-ард» («Жер келбеті») немесе «Кітаб әл-масалик уа-л-мамалик» («Жолдар мен мемлекеттер туралы кітап») деп атады (Ибн Хаукал, 1992).

Ибн Хаукал еңбегінің құндылығы ол парсы тіліндегі аударманың авторы ретінде әл-Истахри еңбегінің толық нұсқасын пайдаланған, ал бұл еңбектің мәтінінің өзі бізге қысқартылған түрде жетіп отыр. Сондықтан Ибн Хаукал еңбегінде Хорасан мен Мавераннахрға қатысты бөліктерде бізге жеткен әл-Истахри еңбегінің мәтінінде жоқ көптеген құнды толықтырулар бар. Ол өз еңбегінде қосымша дереккөзі ретінде басқа авторлардың мәліметтерін де кеңінен пайдаланған. Ибн Хаукалдің Мауареннахр бөлігінде Исбиджаб қаласын сипаттап оның төңірегіндегі Бадухкет, Субаникет, Тараз, Атлах, Шелжі, Кедер, Сүткент, Шауғар, Сауран, Уасиж қалалары жататындығын жазады. Сонымен бірге, бұл аймақтың барлық қалаларын аш-Шаштың төңірегіне кіретінен айтады. «Фараб пен Испиджабқа келетін болсақ, олар Тараз бен Илаққа дейін барлығы дерлік Шашқа қарайды» деп көрсетеді (Ибн Хаукал, 1992: 398).

Ибн Хаукал еңбегінің маңызды бөлігі географиялық карталар болып табылады. Мауеренахр облысына жататын бұл картада, көптеген қалаларымен аш-Шаш (Сырдария) өзенінің алқабы көрсетілген. Оның төменгі ағысындағы Сүткент, Уасидж, Жент, Йангикент, (әл-Карйа әл-Хадиса), Хавара, ал шығыста Фараб, Кедер, Шауғар (Түркістан), Сабран қалалары болған. Әсіресе, облыстарды емес, Фараб қаласының

орналасқан жерін, басқа да қалаларды дәл көрсеткен, өйткені ғылыми әдебиетте тек облыстардың болғаны туралы пікірлер орын алған (Кумеков, Кумекова, 2010: 22). Көптеген кейінгі ортағасырлық ғалымдар әл-Идриси, Закарийа әл-Казуини, Ибн әл-Варди өздерінің еңбектерінде Ибн Хаукалдың мәліметтерін пайдаланған.

«Худуд әл-ᶜалам мин әл-машриқ илә-л-мағриб» – 982 жылы жазылған авторы белгісіз парсытілді географиялық еңбек (Худуд әл-ʻалам, 1999). 1892 жылы А.Г. Туманский осы шығарманың жалғыз қолжазбасын тауып, ғылымда ол «Туманскийдің анонимі» деп аталды. Белгісіз автор Ибн Хордадбех, ал-Балхи, ал-Истахри, Ибн Хаукал, Жейхани, Ибн Русте және т.б. авторлардың еңбектерін пайдаланған.

Еңбектің «Қарлұқ елі мен қалалары жайында» деген бөлімінде Құлан, Мерке, Нуикат, Ғанкасир, Тұзұн-Балғ, Тонг [Тунл] мен Талхазы, Барсхан, Ақрақыр қалалары; «Тухсилер мен олардың қалалары жайында» атты бөлімінде Сұяб қаласы туралы жазады; «Мәуараннахр елі мен ондағы қалалар жайында» атты бөлімінде «Шығысында Тибетпен, оңтүстігінде Хорасан мен оған қарасты қалалармен, батысында оғыздар, Тибет, қарлұқтармен, солтүстігінде тағы да қарлұқтармен шектесіп жатқан ел» деп, ол жердегі Шаш, Исбиджаб, Саникас, Будахкас, Сутканд, Параб, Параб, Сабран, Зарнух, Сунах, Шалжы, Тараз, Такабкас, Фаруанкас, Мерке, Науикас қалаларын – мұсылман-түркілер тұратын қалалар деп жазады; Ал, Кердері, Женд, Хуара, Ну ауылдарын «Мәуараннахр шекаралары мен ондағы қалалар жайында» атты бөлігіне орналастырады (Худуд әл-ʻалам, 1999; Ильясова, Ораз, 2016, 32-48). «Худум әл-алам» авторының мәліметтерінде көбінесе түрік тайпаларына қарасты аумақтар ондағы қалалар мен отырықшы қоныстар, саяси тарихы, сауда байланысы, табиғи байлықтары туралы айтады.

Әл-Мақдиси (Х ғ. ) атақты араб географы, Иерусалимде дүниеге келген. Көптеген саяхаттар, сұрастырулар, орасан зор әдеби-картографиялық жұмыстардың нәтижесінде ол «Ахсан ат-тақасим фи марᶜифат әл-ақалим» («Елді-мекендерді тануға арналған ең жақсы бөлініс») еңбегін жазды (әл-Мақдиси, 1991). Онда жер шарының географиялық белдеулері туралы кең көлемді мәліметтер бар. Автор өзіне дейінгі ғалымдардың мәліметтерін пайдаланған. «Мен ислам дінін ұстанатын елдерді толығымен суреттедім, ал бұл дінді ұстанбайтын жат елдерді қарастырған жоқпын. Өйткені мен ол ортада туып-өспедім, бірақ ол елдерде өмір сүретін мұсылман қауымдарына көңіл бөлдім», -дейді (әл-Мақдиси, 1991). Еңбектің «Хайтал тарабы (Амударияның арғы беті)» бөлімінде Испиджабқа маңызды орын берілген. Онда ортағасырлық Испиджаб округінің құрамына кірген елу шақты қалалардың, ауылдардың және шағын географиялық нүктелердің толық тізімі берілген. Жалпы тізімнен басқа елді мекендер арасындағы қашықтық, олардың маңызы туралы деректер келтірілген. Оңтүстік Қазақстан мен Жетісудың Х ғасырдың аяғында қалаларын айта келіп, мешіттерді қалалардағы міндетті құрылыстардың бірі ретінде айтады. Сонымен қатар, Арсубаникес, Бараб, Уасиж, Кедер, Шауғар, Сауран, Турар Зарах қалалары туралы айта кенліп, Бараб қаласына байланысты оқиғаларды сипаттауы өте маңызды (әл-Мақдиси, 1991: 311; Ильясова, Ораз, 2016, 54-61).

Аса ірі ортағасырлық географиялық шығармалардың бірі әл-Идрисидің (XII ғ.) «Нузхат әл-муштак фи-хтирак әл-афак» атты еңбегі. Әл-Идриси аталған еңбегінде Европа, Азия және Африканың әлемге әйгілі елдерін нақты сипаттайды. Ол жер аумағын птолемейлік дәстүрімен ендік аймақ бойынша жеті ықылымға (аумаққа) бөледі. Одан әрі әрбір ықылымды он көлденең бөлікке, сосын адам қоныстанған жерді жетпіс облыс шамасында бөледі, осылайша олар батыстан шығысқа қарай сипатталады. Шын мәнісінде, әрбір облыс өзіне сәйкес картаның сипаттамасын береді. Сонымен бірге, әл-Идрисидің «Сурат ал-ард» түпнұсқалық карталары әлемдік және арабтық картографияның шырқау шыңы болды (Кумеков, Кумекова, 2010: 23). Біз зерттеп жатқан қалар туралы мәліметтер еңбектің «Төртінші ықылымның сегізінші бөлігі», «Төртінші ықылымның тоғызыншы


*ISSN: 2616-7255, eISSN: 2663-2489*

бөлігі», «Төртінші ықылымның оныншы бөлігі» атты бөлімдеріне орналастырылған. «Төртінші ықылымның сегізінші бөлігі» Хорасан, Мауараннахр өзендері, сондай-ақ, Ферғана, Усрушана, Шаш, Илақ, Фараб қалаларын, *әл-агзаз* (тоғызоғыз) елін қамтиды. Әл-Идриси Каспий теңізі жағалауы, Арал теңізі маңы, Сырдарияның (аш Шаш өзені) орта және төменгі бассейніндегі оғыздардың негізгі таралу аймағының сипаттамасын береді. Оғыздардың қалаларын, топонимикалық нысандар мен қалалардың арақашықтығы және сауда жолдары көрсетіледі. Аталмыш аймақтық бөлімдердің әр қайсысында гүлденген қалалар мен атақты қалалардың орталықтары орналасқандығын жазады. *Исфиджабты* халқы көп, жердің жазық бөлігінде орналасқан қала екендігі және оның құрамына жататын Будахкас, Субаникас, Тараз, Атлах, Шалжы, Кедер, Суткенд, Шауғар, Сабран, Уасидж қалаларын атайды. *Суткенттің* түркілердің бас қосатын *саяси орталығы, ал Сауран мен Тараз* қалалары мұсылмандардың сауда орталығы болғандығын тілге тиек етеді (Әл-Идриси, 2002; Ильясова, Ораз, 2016, 70-120). Әл-Идриси өзіне дейінгі танымал араб саяхатшылары, географтары мен тарихшылары: Тамим ибн Бахр, Саллам ат-Тарджуман, Ибн Хордадбех, әл-Йакуби, Кудама ибн Жа'фар, әл-Жайхани, әл-Мас'уди, Ибн Хаукал, әл-Узри, сонымен бірге әл-Жахиз, Әбу Бакр әл-Вахшийа, Ибн әл-Махди еңбектерін пайдаланған.

Йақұт әл-Хамауидің (XIII ғ.) «Му'жам әл-булдан» (Елдер сөздігі) атты құнды шығармасы (Йақұт әл-Хамауи, 1979) ғылым әлеміне көптен белгілі. Онда 200-ден астам автордың еңбегі дереккөз ретінде пайдаланылып, сілтемелер жасалған. Сол түпнұсқа еңбектердің көпшілігі түрлі жағдайлармен жойылып кеткендіктен, ондағы құнды деректерді өзінде сақтап қалған «Му'жам әл-булданның» түпнұсқалық сипаты басым (Көмеков, Ильясова, 2011: 27). Йақұттың Қазақстанның ортағасырлық қалалары мен елді мекендеріне қатысты ең көлемді мәліметтері алфавит тәртібімен берілген бұл еңбегінде «Түркістан», «Син», «Тараз», «Исфиджаб», «Бахр әл-Хазар» және «Итил» деген тақырыптармен мақала түрінде берілген. «Түркістан» және Син мақалаларында түркі тайпалары қарлұқтар, кимектер, жікілдер, печенегтер, қыпшақтар және олардың әдет-ғұрыптары, этнографиясы туралы құнды мағлұматтар бар. Сонымен қатар, жоғарыда аталған мақалалардан басқа «Му'джам әл-булданда» Баласағұн, Женд, Жикіл, Зарнұқ, Кердер, Құлан, Манкас, Сығанақ, Сауран, Тұран, Отырар, Турарбанд, Тараз, Уасиж, Усбаникас, Фараб, Шауғар, Шалжикас, Дахкет, Шахрканд қалалары, олардың орналасуы және сол қалалардан шыққан атақты адамдар туралы деректері аса құнды (Йақұт әл-Хамауи, 1979).

**Талдау**

Соңғы жүзжылдықтарда тарихшы ғалымдардың бір тобы аталмыш түпнұсқа деректермен өмірбойы айналысып, оларды ғылыми айналымға қосты және сол негізде өздерінің тұжырымдарын ортаға қойды.

XIX ғасырдың соңғы ширегінен бастап араб тілді басылымдарды, соның ішінде географиялық шығармаларды жариялау қолға алынды. Голландиялық тарихшы, шығыстанушы-арабист Михаэл Ян де Гуе (M.J. de Goeje) классикалық дәуірдегі (VIII-X ғғ.) араб-мұсылман географиялық еңбектерін жүйелі түрде зерттеп, VIII томнан тұратын «Арабша географиялық еңбектер топтамасын» құрастырып жазып шықты (M.J. de Goeje,1870-1894.). XX ғасырда бір бөлім француз тарихшылары арабша географиялық еңбектерді қайтадан түсініктер беріп, зерттеп аударды (G.Wiet. 1937; Kramers, 1938; Miquel, 1963). Қытай ғалымы Сун Сян（宋岘）да Ибн Хордатбектің «Жолдар мен мемлекеттер» және Кудама ибн Жафардың «Салық туралы кітап» атты еңбегін аударды (1991). Бұл зерттеу еңбектері VII-X ғасырлардағы Орта Азияның тарихи-жағырафиясын зерттеуге негіз қалады.

1866-1873 жылдары неміс арабтанушы ғалымы Ф. Вюстенфельдтің (1808–1899) «Му'жам әл-булданды» алты том етіп басып шығаруы осындай қажеттіліктен туындаған әлемдік арабтанудағы тағы бір аса үлкен құбылыс болды. Соның

нәтижесінде әйгілі еңбек шығыстанушы мамандардың қолжетімді дереккөзіне айналды (Wüstenfeld, 1866-1873).

Ағылшын ғалымы В. Минорский (V.Minorsky) 1937 жылы «Худуд әл-аламды» ағылшын тіліне аударған кезде көптеген ислам авторларының еңбегін пайдаланып, VIII-X ғасырлардағы Орта Азияның тарихи-географиясына тәптіштей зерттеу жасады (Minorsky, 1937). Бүгінде біз Орта Азиядағы көптеген жер аттарын және олардың кординаттарын тұрақтандырған кезде, көбіне-көп оның зерттеу нәтижелеріне жүгінеміз. Сол себептен, ол қазір де өз маңызын жойған жоқ. Өкінішке орай, ол қытайша деректерді пайдалана алмады.

Ағылшын авторы Генри Юль (H.Yule) де кейбір мұсылман географиялық еңбектерін жинап, аударып зерттеу жұмыстарын жүргізді. Сол негізде «Қидандардың сапары» (Yule, 1913) атты еңбегін жазып шықты. Қытай авторы Чжан Синлян（张星烺）өзінің «Қытай мен Батыстың жол-қатынас тарихы туралы материалдар жинағы»（中西交通史料汇编）атты еңбегінде осы Г.Юльдің кітабынан пайдаланды.

Чжан Синлан өзінің «Қытай мен батыстың жол-қатынас тарихы туралы материалдар жинағы» (Чжан Синлан, 2003) атты еңбегінде анағұрлым мол қытайша және батысша материалдарды топтастырып, оларға түсініктеме беріп, Орта Азияның тарихи-географиясы туралы бұдан бұрынғы зерттеулерді ішінара қайта қарады. Аталған кітаптың біздің зерттеулерімізге қатысты мазмұндары оның Таң дәуіріндегі Қытай мен Орталық Азияның қарым-қатынасы, «Батыс өңірдегі» әскери қосындар туралы 4-бөліміне біріктірілген. Бұл еңбектің кемшілігі шетелдік әдебиеттерді қолданудағы күңгірттіктері мен жүйесіздігі, қытайша және шет тілінде жазылған еңбектерді бір-бірімен кіріктіре және байланыстыра зерттемегені, сондай-ақ, қытайша деректердің дұрыс-бұрыстығына мән бермегені. Бұл туралы Фэн Чэнцзюнь（冯承钧）арнайы тоқталады (Фэн Чэнцзюнь, 1957).

Цын Чжунмяньның «Батыс Түркі тарихи деректеріне қосымшалар және зерттеулер» (Цын Чжунмян, 2004) деп аталатын еңбегі Е. Шаванның зерттеулерін одан ары жалғастырған және толықтырған еңбек. Бұл еңбегінде ол Батыс Түркі қағанатының тарихы және Батыс Түрік пен Таң әулетінің қарым-қатынасы туралы анағұрлым жүйелі зерттеулер жүргізді. Бұл еңбек Орта Азиядағы көне қалалар мен елдімекендердің, географиялық белгілердің тарихи аспектісін зерттеуге көмектеседі.

Талай жылдардан бері ДТСЮЦ (Ұлы Таң патшалығының Батыс өңір естеліктері) мәліметтерінің молдығы және деректерінің шынайылығымен ғылым әлеміне белгілі болып келеді. Ол туралы Чжоу Лянкуаньның «ДТСЮЦ-ге қатысты тарихи-географиялық зерттеулер» (*Чжоу Ляньксуань*, 1984) атты еңбегі мен *Ли Сяньлиннің* «ДТСЮЦ- талдау, түсіндіру» (*Ли Сяньлинь*, 2000), Чжан Сюнь және Жуй Цуанминнің «ДТСЮЦ –ді оқуға көмекші» (Чжан Сюнь, Жуй Чуаньмин, 2009), Жу Чуанминнің «ДТСЮЦ толық аудармасы» (Жуй Чуаньмин, 1995) атты еңбектері Орта Азияның тарихи–географиясына байланысты осынау әйгілі деректі толыққанды пайдалануға көмектеседі.

Ағылшын ғалымы Томас Уоттерс 1904 жылы ДТСЮЦ-ді ағылшын тіліне аударды (Thomas Watters, 1904). Ол Суан Цзанның жол естеліктеріндегі қате кеткен тұстарды көрсетіп, оны араб-мұсылман деректерімен салыстырып түзеді. Ол аталмыш деректегі Байсуй қаласы мен Мыңбұлақ елдімекенінің орны туралы мәліметке күдік келтіреді.

Орта Азия тарихы туралы қытайша ертедегі жазба нұсқаларды өркениетті әлемге алғаш жеткізушілердің бірі Ресей миссионері Н.Я. Бичурин (1851,1853) (Бичурин, 1951; 1997) болды. Бұл ретте В.В. Бартольд (1993) (Бартольд, 1993), А. Г. Малявкиндердің (Малявкин, 1981; 1980) еңбектері де атап өтуге тұрады. В.В. Бартольд араб-мұсылман деректерін толық зерттеп, зерделеу арқылы, өзінің «Жетісу тарихының очеркі», «Моңғол үстемдігіне дейінгі Түркістан», «Орта Азия тарихынан 12 лекция» атты еңбектері арқылы VII-XII ғасырлардағы Орта Азия тарихын торлап тұрған қою тұманнан арылтты. Ол Қытай және араб-мұсылман деректерінде кездесетін Орта Азияның көптеген қалаларын (мысалы, Талас, Байшуй,

Самарқанд, Бұхара, Судисана т.б.) тарихи-географиялық тұрғыдан нақтылап, олардың қалыптасуы мен дамуын, бағыттарын зерттеді (Бартольд, 1981).

Осы орайда, Гай Лэ Стренждің (G.Le. Strange) ертеректе арабша деректермен жіті жұмыс жасап, VII-IX ғасырлардағы Араб халифатының шығысындағы қалаларды зерттеп, «Шығыс Халифаттың жерлері» (Cambridge, 1905) (Strange, 1905) атты еңбегін жарыққа шығарғанын да айта кеткен жөн.

Француз тарихшысы П. Пелио Шығыс Түркістан мен Орта Азияның тарихи-географиясын байланыстыра зерттеген ғалым. Оның «Орта Азияның тарихи-географиясы туралы зерттеулер» (Pelliot, 1927), «Суан Цзанның жолжазбасындағы Мыңбұлақ» атты еңбектері кейбір жер аттарының (мысалы, *Мыңбұлақ*) орны мен бағытын айқындауға көмектеседі.

Жапон ғалымы Матсуда Хисау қытай деректеріне сүйеніп, Хан, Таң династиясы кезеңіндегі Шығыс Тянь-Шаньның тарихи-географиясын жан-жақты зерттеді. Нәтижесінде «Тянь-Шаньның тарихи-географиясы туралы зерттеулер» деп аталатын еңбегі жарық көрді (Матсуда, 1987). Тағы бір Жапон ғалымы Сиратори Куракити «Кaңлы, Соғды туралы зерттеу» атты еңбегінде араб-мұсылман және қытайша деректерді пайдаланып, Мауреннахр аймағындағы қалалардың бағыты мен арақашықтығын, қаңлылар мен соғдылардың айырмашылықтарын зерттейді(Сиратори Куракити, 1936).

Орыс зерттеушісі А.М. Беленицкийдің 1973 жылы Ленинградта жарық көрген «Орта Азияның ортағасырлық қаласы» (Беленицкий және басқа., 1973 ) атты еңбегі өз кезінде Орталық Азиядағы археологиялық ашулар мен тарихи-географиялық зерттеулердің қомақты жетістігі ретінде бағаланды. Автордың Тараз, Испижаб, Ташкент қалалары туралы зерттеулері ғылыми орта тарапынан жаңалық ретінде қабылданды. Қытай ғалымы Чжан Гуанда арабша және қытайша деректерді салыстыра отырып, Сұяб қаласының орны туралы зерттеулер жасады әрі «Суяб қаласының қазіргі орны туралы зерттеу» (Чжан Гуанда, 1979) атты еңбегін жазды.

Бұл қатарда француз түркологы Э. Шаванның «Батыс Түрік тарихының материалдары» деп аталатын еңбегін айырықша атауға болады (Chavannes E., 1903). Онда автор СТШ мен ЦТШ-дағы және ЦФЮГ-дегі Батыс Түркі қағанатына қатысты деректерді реттеп, аударып, онда кездесетін Орта Азиядағы жер аттары мен тарихи оқиғаларға зерттеу жүргізді. Оның ең ұтымды тұсы ислам авторларының еңбектері арқылы қытай деректеріне талдау жасайтындығы. Бұл еңбегінде автор Таң әулеті мен Батыс Түрік қағанатының қарым-қатынасына айырықша мән бере зерттегендіктен, Таң мемлекеті мен Орта Азия байланысындағы қалалардың орнына жеткілікті назар аудармайды. Сол себептен ЦФЮГ-де айтылатын кейбір ортаазиялық хулардың（胡人）Таң ордасына амандаса барғаны туралы ғана ішінара тоқталып өтеді.

Өткен ғасырдың алғашқы жартысында араб және парсы тіліндегі еңбектер негізінде қысқаша үздінді аудармалар жарыққа шықты. 1939 жылы жарық көрген «Материалы по истории туркмен и Туркмении» атты жинақтың бірінші томына VII-XV ғғ. түркмен тарихының ежелгі ортағасыр кезеңін қамитын араб, парсы деректерінің орыс тіліндегі аудармалары енгізілді (МИТТ, 1939). Кейін, С. Волиннің «Талас аңғары және оған шектес аудандар туралы IX–XVI ғғ. араб дереккөздерінің мағлұматтары» атты аудармасы жарық көрді (Волин, 1960). С. Волиннің аудармасы жекелеген тақырыптарға қатысты көптеген тарихшылар мен археологтардың зерттеу жұмыстарында қолданылды. Сонымен қатар «Материалы по истории киргизов и Киргизии» атты жинақта X-XIX ғғ. араб, парсы және түрік тілінде жазылған тарихи және географиялық шығармалардан аудармалар енгізілді (МИКК, 1973). Әзербайжан ғалымы Н. Велиханова «Ибн Хурдадбех. Книга путей и стран / *Перевод в арабского, комментарий, исследование, указатели и карты Н. Велихановой*» атты еңбегінде Ибн Хордадбехтің шығармасын аударып, ғылыми түсіндірме жасады (Велиханова, 1986). Бұдан соң, «Материалы по истории Средней и Центральной Азии X-XIX вв.» атты жинаққа X-XIX ғғ.

араб, парсы және түркі тілді жазба ескерткіштерінің орыс тіліндегі үзінділері енді (МИСЦА, 1988).

2010 жылы академик Б.Е. Көмеков және Р.Б. Көмекованың «История Казахстана в арабских источниках. Арабские географы и путешественники IX–XII вв.» атты еңбегінде Тамим ибн Бахр әл-Муттаууа◎и (IX ғ .), Саллам ат-Тарджуман (IX ғ.), әл-Жахиз (X ғ .), Ибн әл-Факих (X ғ.), Әбу Дулаф (X ғ.), әл-Балхи (X ғ.), Ибн Хаукал (X ғ.), әл-Идриси (XII ғ.) шығармаларынан Қазақстанның тарихы мен мәдениеті және оған жапсарлас жатқан алыс-жақын елдер мен халықтар туралы құнды мәліметтерден үзінділерді орыс тіліне аударып, түсіндірмелер жасады. Аталмыш деректер негізінде Қазақстан аумағын мекен еткен қарлұқтар, кимектер, оғыздар және ерте орта ғасырдағы Қазақстанның тарихи географиясы туралы ауқымды, нақты материалдар жан-жақты талданып, тарихнамалық және деректанулық талдаулар жасалды. Бұл еңбектің ғылыми құндылығы ◎ Тамаим ибн Бахр, Саллам ат-Тарджуман, әл-Жахиз, Әбу Дулаф әл-Балхи, Ибн Хаукалдың еңбектеріндегі Қазақстан тарихына қатысты деректерін алғыш рет аударып, кең ауқымды деректік және тарихнамалық мәліметтер негізінде ғылыми айналымға қосуы болып табылады (Кумеков, Кумекова, 2010).

